

**БЕКІТЕМІН**  
**«Бірінші болу – батылдык» Корпоративтік қорының**  
**Атқарушы директоры**

\_\_\_\_\_/С.Н. Қазыбаева  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

**«Жарыс қаһарманы 2020»**  
**жүгіру жарысын өткізу туралы**  
**ЕРЕЖЕ**

**Алматы қ.**  
**2020 ж.**

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**Жарыс қатарманы** – «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының жаңа жобасы, қалалық онлайн-жүгіру.

## **2. ЖАРЫСТЫҢ МАҚСАТТАРЫ**

**Жарыс мына мақсаттарда өткізіледі:**

- жүгіруді танымал ету;
- зиянды әдеттерден бас тарту (темекі шегу);
- салауатты ұлт қалыптастыру;
- спорттағы әлеуметтік қашықтыққы сақтау.

## **3. ЖАРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ**

**3.1.** Жарысқа жалпы басшылықты «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы») жүзеге асырады.

**3.2.** Жарысты дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмысы «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының ұйымдастыру комитетіне (бұдан әрі – «Ұйымкомитеті») жүктеледі.

## **4. ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН МЕРЗІМІ**

**4.1. Жарыстың өтетін күні:** 2020 ж. «14» және «15» қараша

**4.2. Жарыстың өтетін уақыты:** 14.11.2020 жылы 00 с. 00 м. бастап 15.11.2020 жылы 00 с. 00 м. дейін

**4.3. Жарыстың басталатын орны:** Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы:

1. Атакент ҚБЮ – қашықтық ұзындығы 6 км;
2. Сайран көлінің саябақ аймағы – қашықтық ұзындығы 5,5 км;
3. Тұңғыш Президент саябағы – 4 км;
4. Баум ат. тоғай – қашықтық ұзындығы 6 км.

## **5. ЖАРЫС ҚАШЫҚТЫҚТАРЫ**

**5.1.** Жарыс бағдарламасына 4 (төрт) тәртіп кіреді:

1. Атакент ҚБЮ – қашықтық ұзындығы 6 км;
2. Сайран көлінің саябақ аймағы – қашықтық ұзындығы 5,5 км;
3. Тұңғыш Президент саябағы – қашықтық ұзындығы 4 км;
4. Баум ат. тоғай – қашықтық ұзындығы 6 км.

## **6. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР**

**6.1.** Жарысқа қатысуға рұқсат етіледі:

- 18 жастан асқан қатысушылар;

**6.2.** Жарыстың бірнеше қашықтығына бір мезгілде қатысуға қатаң тыйым салынады.

**6.3.** Жарыстың белгілі бір қашықтығына тіркелу кезінде Жарыс өткізілетін күнге қатысушының толық жас саны ескеріледі.

## **7. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР**

**7.1.** Жарысты ұйымдастыру және өткізу бойынша шығындарды Ұйымдастырушының Ұйымкомитеті көтереді.

7.2. Жол жүру, орналасу және тамақтану шығындарын Жарысқа қатысушылар және/немесе қатысушыларды іссапарға жіберетін ұйымдар көтереді.

## **8. ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ**

**8.1.** Атакент ҚІБЮ, Сайран көлінің саябақ аймағы, Тұңғыш Президент саябағы, Баум ат. тоғай локациялары:

- аталған тәртіптің жеңімпаз-қатысушыларын марапаттау жүргізіледі

Абсолюттік жас санатында 1-3 орын үшін әйелдер арасындағы жарыс.

Жарыстың аталған тәртіптің жеңімпаз-қатысушылары мен жүлдегерлері грамотаға және бағалы сыйлыққа ие болады.

Абсолюттік жас санатында 1-3 орын үшін ерлер арасындағы жарыс.

Жарыстың аталған тәртіптің жеңімпаз-қатысушылары мен жүлдегерлері грамотаға және бағалы сыйлыққа ие болады.

**8.2.** Жарыстың жеңімпаз-қатысушысы Жарыс өткізгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 5к1 а үй, 501 кеңсе мекенжайы бойынша орналасқан Ұйымдастырушының кеңсесінен ала алады.

Егер Жарыстың жеңімпаз-қатысушысы сыйлықтарын өз бетінше ала алмаса және оларды сенімді тұлғаға тапсыра алмаса, Жарыстың жеңімпаз-қатысушысы Ұйымдастырушының Ұйымкомитетінің [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электрондық поштасына сыйлықтарды жіберіле алатын мекенжайды жазу қажет. Бұл жағдайда Ұйымдастырушы сыйлықтарды алушының есебінен жібере алады.

Бұл Шарт Қазақстан Республикасының резиденттері үшін ғана мүмкін.

## **9. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫСҚА ҚАБЫЛДАУ**

**9.1.** Жарысқа қатысушыларды тіркеу ұйымдастырушының <https://www.almaty-marathon.kz/> сайтында, 2020 жылғы «26» қазан мен «13» қараша аралығында немесе келесі локациялар бойынша лимитке жеткеннен кейін жүзеге асырылады:

1. Атакент ҚІБЮ – 500 адам;
2. Сайран көлінің саябақ аймағы – 500 адам;
3. Тұңғыш Президент саябағы – 500 адам;
4. Баум ат. тоғай – 500 адам.

**9.2.** Онлайн-тіркеу рәсімінен өткен Жарыс қатысушысы тіркелген болып саналады.

**9.3.** Қатысушы тіркелу арқылы осы Жарыс ережесімен және Ұйымдастырушының <https://www.almaty-marathon.kz/> сайтында орналасқан Ұйымдастырушының Жария офферта-Шартының талаптарымен (қатысушы ретінде тіркеу қызметтерін қоса алғанда, Жарысты ұйымдастыру және өткізу түріндегі қызметтерге) келіседі.

**9.4.** Сөрелік нөмір жарысқа қатысушының поштасына жіберіледі.

**9.5. Тіркеуден өтпейінше, қатысушының нәтижелері хаттамада көрсетілмейді.**

**9.6. Жарысқа бөтен сөрелік нөмірімен қатысуға тыйым салынады.** Сөрелік нөмірлерді беру фактісі анықталған жағдайда - сөрелік нөмірді берген қатысушының және басқа адамның сөрелік нөмірін қабылдаған қатысушының нәтижелерінің күші жойыла отырып, осы Жарыстан шеттетіледі. Келесі 3 (үш) жарысқа рұқсат жабық болады.

**9.7. Жарысқа қатысу үшін Сөрелік жарна: 3 500 теңге**

**9.8. Жүгіруге қатысқаны үшін енгізілген қаражат қайтарылмайды. Қате немесе басқа біреудің ID-нөміріне жіберілген қаражат басқа қатысушыға аударыла алмайды.**

**9.9. <https://www.almaty-marathon.kz/> сайтында ұсынылған қолжетімді маршрут бойынша қашықтықты жүгіріп өту қажет.**

## **10. ЖАРЫСТАН ШЫҒАРЫП ТАСТАУ**

**10.1.** Қорытынды хаттамадан қатысушылар мына жағдайларда шығарылады:

- қатысушы Жарыстың басқа қатысушысына тіркелген бөтен нөмірмен жүгірді;
- қатысушы қашықтықты қысқартты;
- қатысушы мәлімделмеген/тіркелмеген қашықтықты жүгірді;
- қатысушы қол астындағы қозғалыс құралын (велосипед, самокат, басқалар) пайдаланды;
- қатысушы Жарысты сөре аймағынан бастамады;

**10.2. Жарыс қашықтығынан өтуге уақыт лимиттері:**

- қашықтықты жүгіріп өту уақыты – қарастырылмаған.

## **11. ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**

Іс-шара тек спорттық бөлімді ғана қарастырады. Қатысушылар қашықтықты Ұйымкомитеті тарапынан шектелген кезеңде өз бетінше жүгіріп өтеді.

Іс-шараның басталуы – **14.11.2020 жылы 00:00-де**, іс-шараның аяқталуы - **15.11.2020 жылы 00:00-де**.

## **12. ЖАРЫС НӘТИЖЕЛЕРІН ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ**

**12.1.** Жарысқа қатысушылардың нәтижесі GPS трекері (Polar, Garmin, Strava және т.б.) бар кез келген жүгіру қолданбасының көмегімен тіркеледі.

**12.2.** Қатысушы өз жаттығуының скриншотын ұйымдастырушының <https://www.almaty-marathon.kz/> сайтындағы жеке кабинетке жүктеуі тиіс.

**12.3.** Алғашқы үш орынды жеңіп алған жеңімпаздар өз нәтижесін бір апта бұрынғы жаттығудың скриншотымен растайды. Ұйымдастырушыдан сұрау арқылы.

**12.4.** Ресми нәтижелер ұйымдастырушының <https://www.almaty-marathon.kz/> сайтында, іс-шара аяқталғаннан кейін 24 сағат ішінде жарияланады.

**12.5.** Жарысқа қатысушының нәтижесі, жеке кабинетте дұрыс орналастырылған жағдайда ғана тіркеледі.

## **13. ҚАРСЫЛЫҚТАР МЕН НАРАЗЫЛЫҚТАР**

**13.1.** Наразылықтар жарысты Ұйымдастырушының Ұйымкомитетіне беріледі және Жарысты Төрешілер алқасы қарайды.

**13.2.** Қатысушы Жарыс аяқталғаннан кейін 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде қарсылық және/немесе наразылық беруге құқылы, олар Ұйымдастырушының [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электрондық поштасына жіберіледі.

Ұйымдастырушыға наразылық берген кезде келесі деректерді көрсету қажет:

- тегі мен аты (анонимді өтініштер қаралмайды);
- шағымның мәні, шағымның мазмұны;
- наразылық үшін негіздер (фотосурет, жеке секундомер, субъективті пікір және т.б.).

**13.3.** Ұйымдастырушының Ұйымкомитеті қарсылық немесе наразылық берілген сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде ресми жауап дайындайды, ол наразылық/қарсылық берілген электрондық мекенжайға жіберіледі.

**13.4.** Шағым тек Жарысқа қатысушылардан және/немесе олардың заңды өкілдерінен қабылданады.

## **14. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

**14.1.** Жарыстың әрбір қатысушысы өзінің денсаулығын өз бетінше бақылауға және ұзақ физикалық жүктемелерге қарсы көрсетілімдердің болуы мәніне медициналық тексеруден өтуге міндетті.

**Маңызды! Ұйымдастырушы қатысушыларға Жарыс алдында медициналық тексеруден өтуді ұсынады. Жарысқа қатыса отырып, қатысушылар спорттың кез келген түріне тән қауіп-қатерді тікелей қабылдайды.**

**14.2.** Қатысушы оның Жарысқа қатысуы нәтижесінде оның денсаулығына қолайсыз салдар болуы мүмкін екенін түсінуі тиіс.

**14.3.** Жарысты Ұйымдастырушы қатысушының қайтыс болғаны немесе жарақат алғаны, қатысушының меншігін жоғалтқаны немесе зақымдағаны үшін, сондай-ақ Жарыс кезінде қатысушыға келтірілген кез келген физикалық нұқсан үшін жауапты болмайды. Аталған ереже Жарыс өткізілгенге дейін, уақытта және одан кейін әрекет етеді.

**14.4.** Жарысқа қатысушы ешқандай жағдайда іс-шараның басқа қатысушыларына, Ұйымдастырушысына және демеушілеріне, бөгде адамдарға, сондай-ақ олардың мүлкіне зиян келтіруі мүмкін қасақана жағдайлар жасамауға міндеттенеді.

**14.5.** Қатысушы денсаулық жағдайы Жарыс өткізілетін күнге/Жарыс өткізілетін күнге нашарлаған жағдайда Жарысқа қатыспауға міндеттенеді.

## **15. Almaty Marathon ЛОГОТИПІН ПАЙДАЛАНУ**

**15.1.** «Almaty marathon» логотипі Ұйымдастырушының тіркелген тауар белгісі болып табылады. Логотипті пайдалану құқығы Ұйымдастырушы – «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорына тиесілі.

**15.2.** Тауарлық белгінің құқық иесі ретіндегі Ұйымдастырушының рұқсатсыз және келісімінсіз, логотипті үшінші тұлғалардың жеке мақсаттарда пайдалануына, логотипті киім затына, жалауларға және өзге де аксессуарларға салуға тыйым салынады.

**15.3.** «Almaty marathon» логотипінің кез келген түсіндірмесін пайдалануға тыйым салынады.

**15.4.** «Almaty marathon» логотипін пайдалану тәртібін бұзу фактісі анықталған жағдайда Ұйымкомитеті сот инстанцияларына жүгіну құқығын өзіне қалдырады.

## **16. АҚПАРАТТЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕР**

**16.1.** Жарыс туралы толық ақпарат Ұйымдастырушының <https://www.almaty-marathon.kz/kk/> сайтында, сондай-ақ Ұйымдастырушының әлеуметтік желілерінің аккаунттарында орналасқан:

<https://vk.com/almatymarathon>

<https://www.facebook.com/almatymarathon/>

<https://www.instagram.com/almatymarathon/>

[t.me/almaty\\_marathon.](https://t.me/almaty_marathon)

**16.2.** Басқа ақпараттық ресурстардағы ақпарат үшін Жарысты Ұйымдастырушының Ұйымкомитеті жауап бермейді.

## **17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**17.1.** Осы Жарыс ережесі Жарысқа қатысу үшін ресми шақыру болып табылады.

**17.2.** Ұйымдастырушы осы Жарыс ережесіне өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.